

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

4. Баймолдаев Т.М. Мектеп басқару: даму тарихы, ғылыми және әдіснамалық негіздері, тәжірибесі. -Алматы, 2009. -257 б.

5. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. -Алматы, 2010. - 470б.

ӘОЖ 378.1

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ЭТИКЕТ

Кулдашева Надежда Утегалиевна

nadezhda.22.77@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми кеңесші: п.ғ.д. профессор Сейітқазы П.Б.

Мақала АР19679344 «ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу» ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Автор кәсіби этиканың нормалары мен ережелері, соның ішіне цифрлық, адам өмір сүретін және қызмет атқаратын әлеуметтік ортаның көрінісі екенін атап өтеді. Бұл мақала педагогтардың кәсіби және цифрлық этикетінің нормалары мен ережелерін зерделеу мәселесіне жүйелі түрде жақындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-құқықтық феномені ақпараттық- коммуникациялық технологияларды дамытудың және қоғамды цифрландырудың, ғаламтор желісін, онымен байланысты әлеуметтік мессенджерлерді кең ауқымды енгізудің негізі болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кең таралуы біздің қоғамның ақпаратты тұтыну жолдарын, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен бағалау әдістерін түбегейлі өзгертті. Интернетті қолдану аясы кеңейген сайын ақпараттық кеңістікте оны қолданушылар арасында психологиялық және моральдық жағынан қиындықтар туындамас үшін цифрлық этикет нормаларын ұстану қажеттілігі артуда.

«Педагог» кәсіптік стандартында «педагог-өз бетімен жалпы педагогикалық деңгейдегі АКТ құзыреттілігін меңгерген (оқыту және ойын бағдарламаларды, веб-ресурстарды, дағдыларды қалыптастыратын тренажерлерді әзірлейді, компьютерлік сынып жағдайында жұмысты ұйымдастырады немесе АКТ құралдарын пайдаланады, АКТ-ны білім нәтижесіне жету, бағалау шараларын өткізу үшін қолданады» деп атап көрсетілген [1].

Білім беру жүйесі қызметкерлерінің цифрлық коммуникацияларды ұйымдастыру, білім беру қатынастарының барлық қатысушыларының осы қарым-қатынас формасын ұйымдастырудың маңыздылығы мен күрделілігін түсіну және ұғыну мәселелері бірінші орынға қойылады. Соңғы жылдары білім беруде болған өзгерістер қазіргі педагогтың кәсіби этикасын, жеке, цифрлық және жалпы мәдениетінің деңгейіне қойылатын талаптарды қайта қарау қажеттілігін тудырды. Білім беруді цифрландыру оның барлық деңгейлерінде педагогтардың алдына цифрлық технологияларды қолдану сапасы, білім беру үрдісінің барлық қатысушылармен цифрлық коммуникацияларды ұйымдастыру туралы мәселе қойды.

Кәсіби этика адамның кәсіби қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол көбінесе ұйымдағы адамдардың қарым-қатынасының ерекшелігін анықтайды, кәсіби қатынастардың өлшемі болып табылады. Қазіргі уақытта кәсіби этика деп аталатын кодекстерді-ұйымдағы немесе кәсіпорындағы кәсіби қатынастарды әзірлеуге көп көңіл бөлінеді. Бірқатар білім беру ұйымдарының кәсіби этика кодекстерін талдау, бұл құжаттардың көпшілігінде ата-аналармен және оқушылармен қарым-қатынас нормалары мен ережелері, этикалық нормалар мен коммуникация ережелері бар екенін көрсетті. Кәсіби этика

кодекстерінің көпшілігі негізінен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларына және мұғалімдер, дәрігерлер, заңгерлер, әскери және т.б. сияқты белгілі бір кәсіптің жалпы қабылданған көзқарасына негізделген, бірақ айта кету керек, бұл сәнге құрмет емес немесе қандай да бір ұйымның өзі көрсететін қызметтер нарығында ерекшеленуге деген ұмтылысы емес, бұл белгілі бір дәрежеде адамдардың кәсіби қызметін жүзеге асырудың тарихи қалыптасқан тәсілдері.

Кәсіби этика туралы алғашқы зерттеулер, кез-келген қызмет түрін орындау үрдісінде мінез-құлық нормалары мен ережелері ретінде, XI-XII ғасырларда қалыптасқан қолөнер өндірісінің даму дәуірінде пайда болды. Жаңа технологиялар педагогикалық кәсіптің мазмұнын түсінуді айтарлықтай өзгертуде, сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруды қайта қарастырды.

А.М. Новиков педагогтардың кәсіби этикалық нормаларын зерттей отырып-«кәсіби этика талаптарын ұстану мұғалімдердің мінез-құلقىның адамгершілік нормасына, оның кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған кезде мұғалімдердің кәсіби қызметінің жоғары деңгейіне жетеді» деп, атап көрсетеді [2].

2020-2021жылдардағы адамдардың өміріндегі өзгерістер адамдардың цифрлық кеңістікке жаппай көшуіне әкелді, бұл жаңа коммуникацияларды құру, қарым-қатынастың жаңа тәсілдері мен формаларын іздеу қажеттілігін тудырды. Топтық және жеке қарым-қатынастың жаңа формалары пайда болды. Жаңа шындықтағы қарым-қатынас қазірдің өзінде қабылданған және қалыптасқан мыңжылдықтардан, ол құрылған ережелер мен нормалармен ерекшеленеді. Өзін-өзі оқшаулау кезінде коммуникацияның жаңа формаларының, ең алдымен цифрлық формалардың пайда болуы көптеген адамдардың бұған дайын болмауына әкелді. Ковидке қарсы шектеулерге байланысты қоғамдағы өзгерістерді зерттеген ғалымдардың пікірінше, адамдардың жалпы психикалық денсаулығы айтарлықтай нашарлады, өйткені адамдардың әдеттегі өмір салты айтарлықтай өзгерді, бұрынғы қарым-қатынас формалары жоғалды немесе өзгерді.

Кәсіби этика проблемасын зерттеген ғалымдардың барлығы дерлік бірауыздан адам өмірі мен іс-әрекетінің барлық салаларын цифрландыру келесі құзыреттерді қалыптастыруды талап ететіндігін атап өткен жөн: табандылық таныту, топтық талқылауды басқару, сыни тұрғыдан ойлау, өз жұмыс орнын өз бетінше ұйымдастыру, қызметті жоспарлау, «онлайн» қашықтықта байланыс орнату. Әрине, мұның бәрі үшін цифрлық және компьютерлік сауаттылықтың жоғары деңгейі қажет. Цифрландыру, жоғарыда айтылғандай, қазіргі адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл технологиялар денсаулық сақтау, экономика, білім беру салаларында кеңінен қолданылады. Қазіргі кезеңде мұғалімдердің кәсіби қызметін дамытуды қарастыру білім беру жүйесінің цифрлық компонентін зерттемей және талдаусыз мүмкін емес. Ең алдымен білім беруді цифрландыру және цифрлық білім беру ұғымына көшейік. Цифрлық дидактика терминдері мен ұғымдарының сөздігінде «цифрландыруға» мынадай анықтама беріледі: - «цифрландыру- барлық әлемдік ресурстарды цифрландыруға (цифрлық көшірмелерді жасауға) ғана емес, сонымен қатар кез-келген басқарушы әсерден болжамды және кепілдендірілген нәтиже алу мақсатында өзара іс-қимылдың желілік платформаларын қалыптастыруға бағытталған процесс»

Оксфорд университетінің лабораториясының директоры Лучано Флориди «біз ақпараттық орта деп аталатын ерекше кеңістікте онлайн және офлайн форматта өмір сүрудеміз» деп атап көрсеткен. Коммуникациялық процестер виртуальды кеңістікте жаңа деңгейге көшті, соған байланысты цифрлық мәдениет қалыптасып, цифрлық этикеттің маңыздылығы артуда.

Цифрлық этикет ұғымы-бірнеше мағынада қарастырылады:

- ✓ «желілік этикет» және «нетикет»
- ✓ виртуальды кеңістікте жалпы ережелер жиынтығы;
- ✓ «виртуальды ортадағы қарым-қатынасты көпдеңгейлі нормативті-этикалық реттеу жүйесі;

- ✓ физикалық және цифрлық шындықтың өзара әрекетіндегі мінез-құлық және қарым-қатынас ережелері;
- ✓ цифрлық орта контекстіндегі online ережелерінің, стандарттарының, мінез-құлық ережелерінің ұстанымы.

Цифрлық этикет- цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынас ережелері мен көпшілік ұстанатын интернеттегі байланыс ережелері. Сонымен қатар, интернет желісінің цифрлық ортасындағы мінез-құлық мәдениетінің ережелерін анықтайтын этикеттің жаңа түрі [3].

«Киберкеңістіктегі» нормалар мен «мінез-құлық» ережелері туралы зертеулер Вирджиния Шидің «Нетикет» еңбегінде «нетикет»- интернет желілеріндегі мінез-құлық пен қарым-қатынастың белгілі бір ережелері ретінде түсініледі. Ғалымның пікірінше, «нетикет» бірқатар ерекшеліктерге ие:

1. Интернетте сөйлескенде, сұхбаттасушымен сырттай байланыс жасайсыз. Дегенмен де, оның тірі адам екенін әрдайым есте ұстаған жөн, офлайн режимінде байланыс ретінде қабылдап, көз алдыңызға елестете білуіңіз керек.

2. Күнделікті өмірде сақталатын қарым-қатынас нормалары мен ережелерін сақтаңыз.

3. Қарым-қатынас орын алатын ақпараттық кеңістіктің ережелерін ұстану. Әрбір цифрлық кеңістіктің өзіндік байланыс ерекшеліктері бар.

4. Егер әңгімелесуші мұны қаламайтын болса, оған құрметпен қарап, қарым-қатынасқа түсуді талап етпеу керек.

5. Сауатты болу. Хабарлама жазу кезінде сауаттылықты сақтау маңызды.

6. Өзіңіздің сыртқы келбетіңізге назар аударыңыз. Бұл жағдайда психологтардың пікірінше, адамдардың 55% -нің назары сіздің сыртқы келбетіңізге, киіну тәсіліңізге, ұқыптылығыңызға және сыртқы түріңіздің қарым-қатынас орны мен формасына келетіндігіне назар аударады.

7. Өз тәжірибеңізді және біліміңізді тарата біліңіз.

8. Жанжалды жағдайларды бақылауда ұстап, мәселелердің шешімін тауып, мәселе бойынша өз пікіріңізді дұрыс түрде білдіріңіз.

9. Басқалардың жеке өмірін құрметтеңіз, басқалардың хабарламаларын оқымаңыз.

Біздің ойымызша, біл тізім толық емес және оны, мысалы, келесі талаптармен толықтыруға болады: интернет қарым-қатынас үрдісінде әңгімелесуші туралы ойламаңыз; хабарламаларға күрделі эмоционалды түс бермеңіз; арандатушылыққа берілмеңіз және өз шекараңызды дұрыс қорғай біліңіз.

Білім беру жүйесінде цифрлық коммуникацияларды пайдалану туралы айта отырып, мұғалімнің осы жүйенің өкілі екенін де ұмытпауымыз керек, ал қоғам педагогикалық кәсіпті кәсіби этиканың жоғары талаптары бар қызмет деп санайды, демек, мұғалімнің цифрлық коммуникациялары білім алушылардың, ата-аналардың, әріптестердің және әкімшіліктің білім беру үрдісіне қатысушылары ғана емес, сонымен қатар жалпы жұртшылықпен бағаланады.

Е. И. Чарушин мен О.И. Герасимованың зерттеулері адамдардың көпшілігінде кәсіби және іскерлік қарым-қатынас этикасы туралы түсінік қалыптасқанын көрсетті. Өз кезегінде респонденттердің 52% -ы ұйымдардың басшылары интернет-кеңістікте қарым-қатынас пен мінез-құлықтың этикалық нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыруы тиіс деп санайды [4].

О.И. Герасимова мен О.П. Лопатинаның зерттеулері кәсіби қызметте цифрлық коммуникацияларды зерттеуге арналған. Сауалнама барысында 150-ден астам респондент қатысушылардың 89%-ы жоғары этикалық талаптар қойылатын кәсіптер, оның ішінде педагогикалық мамандықтар бар деп есептейтіні анықталды [5].

Білім алушылардың цифрлық этикеті мен педагогтың цифрлық мәдениеті мәселелерін зерттеу қазіргі заманғы білім беру контекстінде өзекті болып табылады. Цифрлық этикеттің негізгі аспектілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Білім алушылардың онлайн мінез-құлқы: білім алушылардың цифрлық кеңістікте өзін қалай ұстайтынын талдау, соның ішінде әлеуметтік желілер, форумдар мен білім беру платформалары;

- Желілік байланыс: виртуалды ортада білім алушылар бір-бірімен және оқытушылармен, электрондық пошталармен, талқылаулармен және ұжымдық жұмыстармен әрекеттесуі;

- Оқытуда ақпараттық технологияны қолдану: білім алушылардың оқу процесінде цифрлық құралдарды қаншалықты тиімді пайдаланытынын бағалау.

Цифрлық этикет туралы еңбектерді талдай отырып, оның білім беру үрдісінде болашақ педагогтар мен оқытушыларда қалыптастырудың жолдарын ұсынамыз:

- Оқыту нәтижелері: білім алушылардың цифрлық мінез-құлқының оқу жетістігіне әсерін зерттеу;

- Виртуалды кеңістіктегі тұлғааралық қатынастар: цифрлық этикеттің студенттер мен оқытушылардың өзара әрекеттесуіне әсерін талдау;

- Білім берудегі цифрлық мәдениетті жақсарту шаралары; білім алушылар мен оқытушылар арасында цифрлық этикет пен мәдениетті жақсартудың тиімді стратегияларын дамыту бойынша ұсыныстар.

Талаптар мен нормаларды тұжырымдау әрекеттері цифрлық, коммуникациялар, педагог қызметкерлердің цифрлық этикеті мемлекеттік деңгейде қабылданды және қазіргі заманғы білім берудің трансформациясымен, қоғамның сын-тегеуріндерімен тікелей байланысты. Бұл дегеніміз Қазақстанда және жалпы әлемде болып жатқан өзгерістерден тыс педагогикалық қызметкерлердің кәсіби этикасы мен цифрлық этикетін қарастыру мүмкін емес. Цифрлық коммуникациялар өз кезегінде білім берудің мазмұны мен болашақ ұрпақтың құндылықтарын қалыптастырудағы педагогтың рөлі мен орнын түсінудің қалай өзгеретіндігінің көрінісі болып табылады. Искерлік қарым-қатынас нормалары мен ережелері педагогикалық қызметтің сапалық сипаттамалары болып табылады. Кәсіби этика тиімді қарым-қатынас позицияларына негізделген, өз ойларын ауызша да, жазуда да сауатты және қисынды түрде жеткізе білу, диалог жүргізу және келіссөздер жүргізу, олардың қажеттіліктерін, мүдделері мен жеке қасиеттерін ескере отырып, білім беру қатынастарының әртүрлі қатысушыларымен байланыс орнату. Педагогтердің кәсіби қызметін стандарттау қажеттілігі қазіргі уақытта мемлекет деңгейіндегі нормативтік құқықтық құжаттарда бекітілген бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттілігіне әкелді.

Кәсіби этика, оның ішінде білім беру үрдісі қатысушылардың цифрлық қатынастар жүйесінде оның мазмұны қазіргі қоғамның сын-қатерлерін көрсетеді және биоэтика, экологиялық этика, ситуациялық этика, компьютерлік этика және т.б. сияқты жаңа бағыттар контекстінде дамиды.

Қорытындылай келе, цифрлық этикет педагогтардың кәсіби этикасының негізі болып табылады. Осыған орай, біз болашақ педагогтардың виртуальды қарым-қатынас ережелерін сақтап, желі ішінде әдепке сай байланыс жасауға үйретуіміз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.«Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>

2. Новиков А.М. Основания педагогики: пособие для авторов учебников и преподавателей. М.:

«Эгвес», 2010. 208 с.

3.Сейітқазы П.Б. Желілік коммуникативтік мәдениет пен цифрлық этикет бойынша терминологиялық сөздік / П.Б. Сейітқазы, М.П.Асылбекова, Т.С. Сламбекова, Ж.Т. Сулейменова, Н.А.Ырымбаева. — Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2023. — 137 б.

4.Лукинова О.В. Цифровой этикет. Как не бесить друг друга в интернете. М.: ООО «Издательство «Эксмо», 2020. 240

ӘОЖ 373.21

БУСОГРАД ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Күмісбек Қаракөз

karakoz.kumisbek@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

мамандығының 3 курс студенті. Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің тенденциясы әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған бағытта дамуда. Білім кеңістігінің басымдығында өзгермелі өмір жағдайында тез бейімделетін, өмірдегі жолын дұрыс таңдай алатын креативті, бәсекеге қабілетті қарым-қатынасты, әрекеттерге сыни көзқарастар қалыптастыра алатын, оң шешімдер қабылдап, командамен жұмыс жасай алатын тұлғаларды дайындау қарастырылады. Сонымен қатар, елдердің бір-бірінен салыстырмалы тұрғыдағы артықшылығы бәсекелестік күш-қуаты олардың табиғи ресурстарымен емес, адам капиталымен инновациялық технологияларды және ақпарат ағымын ұтымды пайдаланумен анықталуда. Білім құндылықтары тұлғаның ашық, вариативті рухани және мәдени қаныққан, толерантты, отаншылдық және шынайы азаматтықтың қалыптасуын қамтамасыз етуде бірігуінде. Осы орайда, білім берудің алғашқы сатысы-мектепке дейінгі мекемелерде баланың алғашқы тәрбие мен білім беру үрдісінде бастапқы адами құндылықтарын қалыптастыруға ерекше мән берілуде [1].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруге арналған нормативтік құжаттардағы мақсат: баланың зияткерлік қабілетін дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу.

Зияткерлік қабілеттің дамуы – бұл, баланың жасына, тәжірибесінің молаюуы мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектеп жасына дейінгі баланың білімінің дамуы жылдам қарқынмен жүргізіледі, тіпті қалыптасады. Таным процесстері жетіледі, бала ақыл-ой әрекеттің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектеп жасына дейінгі баланың зияткерлік қабілетін дамуын қамтамасыз етуде оның кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамыту заманауи мектепке дейінгі білім берудің көкейтесті мәселесі болып табылады.

Бүгінде әсіресе мәселелерге көзқарастары стандартты емес, кез келген ақпараттық ағындармен жұмыс жасай білетін, өзгермелі жағдайларға тез бейімделетін шығармашылық адамдардың тәрбиесіне деген қоғамның қажеттілігі көрініп отыр. Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамыту жолында тиімді инновациялық технологиялар қолданылуда [2].

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясын: Н.Н.Нұрахметов, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Л.Е.Румянцева, М.М.Мұқаметқалиқызы, Ф.Н.Жұмабекова т.б. педагог ғалымдар зерттеген. «Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді [3].